

15 –дәріс. Баспа ісі стандарттарының теориялық мәселелері мен болашағы.

Жыл сайын ақпараттар өрісінің кеңеюі мен баспа өнімдерінің көбеюі- төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өркендей түскенінің айқын айғағы. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары Қазақстанда баспа ісі жақсы қарқынмен дамып келе жатыр. Көптеген жаңа баспалар ашылып, «Әдеби мұра», «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлері» бағдарламаларымен бірге, көптеген сериялар тізбегімен, полиграфиялық жағынан да көркем безендірілген кітаптар шығып жатыр. Әрбір басылымның шығарылым мағлұматтары баспасөз өнімдерінің жедел ақпарат беретін «паспорты» болғандықтан, баспасөз өнімдерінің шығарылым мағлұматтарын баспагерлердің қаншалықты дұрыс орналастырғанына байланысты екені сөзсіз. Сол себепте қай баспагер болса да, меншік иесінің түріне қарамастан ең алдымен баспа ісіндегі нормативтік-құқықтық құжаттарды, мемлекетаралық, ұлттық стандарттарды біле отырып, оны өздері шығаратын өнімдеріне қолдана да білулері керек. Шығаратын баспа өнімдері — кітап, журнал, газет т. б. өнімдерінің тек ішкі мазмұнының жақсы болуымен бірге, оқырманға бірден көзге түсетін шығарылым мағлұматтары мен безендірілуі де ескерілуі керек. Шығарылым мағлұматтарының дұрыс орыналаспауы тек қана оқырманды ғана емес, кітапханашылардың да, кітап сауда жүйесінің де жұмысын қиындататыны сөзсіз, себебі бар библиографиялық мағлұматтардың көзі, іздеу жұмыстары тек басылымның титул бетінде келтірілетін шығарылым мағлұматтары арқылы болатынын әрбір баспагер білуге тиіс.

Әдебиеттер тізмі

Негізгі:

1. Мұқатаева Қ. Баспа ісіндегі стандарттар : оқу құралы – Алматы : Қазақ университеті, 2012- 210 б.
2. Майлықұтова М.Ж. Баспа басылымдарының стандарттары: оқу құралы.- Алматы : Қазақ университеті, 2012.
3. Басылым. Шығарылым мәліметтері. Жалпы талабы мен рәсімдеу ережелері ҚР СТ - 2383-2013 стандарты
4. Седуманов Ж.Т., Мухатаева К., Кыизбаева А.Б. Роль и необходимость применения международных стандартов ISO в издательском деле. Основные стандарты по издательскому делу. –Алматы, 2010.
5. Мильчин А.Э., Чельцова Л. К. Справочник издателя и автора: Редакционно - изд. оформление издания. М.: Олимп: ООО «Фирма Изд-во АСТ», 2016. – 688 с.

Интернет:

1. Lib.kazsu.kz./Books/bk023/
2. [Http://www.newsland.ru](http://www.newsland.ru)
3. www.kazakhstanlive.ru
4. <http://www.bookchamber.ru/standards.htm>

Қосымша:

1. ГОСТ 7.9-95 «Реферат и аннотация. Общие требования».
 2. ГОСТ 7.5-98 «Журналы, сборники, информационные издания. Издательское оформление публикуемых материалов».
 3. ГОСТ 7.56-2002 «Издания. Международная стандартная нумерация сериальных изданий».
 4. ГОСТ Р 7.0.1-2003 «Издания. Знак охраны авторского права. Общие требования и правила оформления».
 5. ГОСТ 7.1-2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления».
 6. ГОСТ 7.60-2003 «Издания. Основные виды. Термины и определения».
 7. ГОСТ 7.86-2004 «Составление издательской аннотации. Издания. Общие требования к издательской аннотации».
- ГОСТ Р 7.0.3-2006 «Издания. Основные элементы. Термины и определения».